

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Онкологиялық орталығы бар қалалық көпбейінді аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (ары қарай – Кәсіпорын) Байқау кеңесінің отырысының ХАТТАМАСЫ № 04/25

Шымкент қаласы

«29» сәуір 2025 жыл

Орналасқан орны: Шымкент қ. ДСБ ШЖҚ «Онкологиялық орталығы бар қалалық көпбейінді аурухана» МКК Шымкент қаласы, Тұран ауданы, А.Байтұрсынов көшесі 85А ғимараты.

Отырысты ашу уақыты және өткізу орны: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Республика даңғылы 12 А ғимараты, 9-қабат мәжіліс залы сағ.12:00 м.

Кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшелері қатысты (бұдан әрі - Байқау кеңесі).

Байқау кеңесінің төрағасы қатысты:

Ахметов Ералы Есенгельдиевич – ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК Шымкент қалалық филиалының директоры.

Кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшелері қатысты:

Нуртаева Злиха Набиевна - Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының медициналық ұйымдардың экономикалық жоспарлау және қаржыландыру бөлімінің басшысы;

Қыдырбай Мейіржан Нұрланбекұлы – Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының емдеу профилактикалық қызметті үйлестіру бөлімінің бас маманы.

Иембердіев Қайрат Айдосұлы- Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының бас маманы.

Мухтаров Назарбек Батырбекович-«Мирас-Қазақстан» ЖШС директоры.

Кворум туралы ақпарат: Шешім қабылдау үшін кворум бар.
Байқау кеңесінің хатшысы: Бахыт Нұрасыл Айбекұлы.

Шақырылған тұлғалар:

Кәсіпорын директоры- Мауленов Ж.О.
Бас есепші - Иса А.М.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.2025 жылдың Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ Онкологиялық орталығы бар қалалық көп бейінді аурухананың жылдық аудиторлық есебін бекіту.

«Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңының 149-бабы 2-тармағы, 3-тармақшасына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы болады, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйақы беру мөлшерін және шарттарын айқындайды.

2. 2024 жылдың қорытындысы бойынша пайданың есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу

«Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңының 149-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес байқау кеңесі бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) ұсыныстар енгізеді, байқау кеңесімен қаралады және шешімін шығарады.

1. 2024 жылдың Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ Онкологиялық орталығы бар қалалық көп бейінді аурухананың жылдық аудиторлық есебін бекіту.

Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша сөз алған бас есепші Иса А.М.: – ШЖҚ «Онкологиялық орталығы бар көпбейінді аурухана» МКК-ны бойынша 2024 жылдың соңында қалған көрсеткіштер:

Кассада қалған ақша қалдығы-0 мың теңге

Есептік шотта қалған ақша қалдығы-357 486 мың теңге

Қоймадағы жыл соңында қалған бағалы заттар көлемі -1 785 354 мың теңге; негізгі құралдар қалдығы, баланстық құнымен-4 078 980 мың теңге.

«Сатып алушылардан» алашақ дебиторлық қарыздар көлемі-531 045 мың теңгені құрап отыр, себебі медициналық бағдарламалар уақытылы ашылмай тиісті ақпараттар жыл соңында алынып, мекемелерге таратылуға тиісті шот фактуралар 2025 жылмен таратылып берілінуіне байланысты болып отыр.

«Жабдықтаушыларға» берешек кредиторлық қарыздар көлемі-130,3 мың тг, оның ішінде СК-Фармация ЖШС-нен алынған дәрі-дәрмектер үшін 0 мың теңге,

2024 жыл қорытындысы бойынша көрсетілген қызметтер көлемі 8 893 519 мың теңге, басқада түскен табыстар көлемі 1 692 759 мың теңге, барлық табыс көлемі 10 586 278 мың теңге, көрсетілген қызметтің өзіндік құны 9 140 918 мың теңге, әкімшілік шығындар 152 741 мың теңге, басқада шығындар 234 397 мың теңге, барлық шығындар көлемі 9 528 056 мың теңге құрап қорытындысында 1 058 222 мың теңге пайдамен шығып отыр.

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша сөз алған Нұртаева З.Н.:

Аурухананың жылдық қорытынды бойынша пайдамен шығып отырған қаражат есебінен бюджетке 5 % төлендіме?

Жылдық аудиторлық есепбін жүргізу бойынша қандай аудиторлық компания жеңді? толық келісім шарт негізінде жұмыс атқарылдыма?

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша сөз алған бас есепші Иса А.М. :

2024 жыл қорытындысы бойынша пайда есебінен Бюджетке төлену керек қаражат бүгін төленеді белгілі себептермен кешікті.

Жылдық аудиторлық есепбін жүргізу бойынша ТОО «Turkistan Best Audit» компаниясы жеңіп алды мамандары білікті өзіне берілген жұмысты жақсы, тиянақты істеді көңілім толды.

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша сөз алған. Е.Е.Ахметов.:

2024 жылы Аурухана қызметкерлеріне сыйақы бердіңіздерме? және қанша мөлшерде бердіңіздер? Жыл қорытындысы бойынша пайда есебінен Бюджетке төленетін ақшаны не үшін кешіктірдіңіздер? мерзімінен кешіктіріп төлеген үшін айыппұл салынатынын білесізба?. Жыл қорытындысынан түскен пайданы қандай мақсаттарға жұмсағалы отсыздар?.

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша сөз алған бас есепші Иса А.М.:

2024 жылы ауруханамыздың қызметкерлеріне бір жылда төрт-рет сыйақы берілді, сыйақының мөлшері бір айлық жалақыны құрады.

2024 жыл қорытындысы бойынша пайда есебінен Бюджетке төлену керек ақша белгілі себептермен кешікті, айыппұл салынатынын білемін. Жыл қорытындысынан түскен пайданы ауруханамызды дамыту мақсатында жөндеу жұмыстарын жүргізуге және медициналық жабдықтар алуға жоспарлап отырмыз.

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша сөз алған Нұртаева З.Н.:

Аурухананың медициналық жабдықтарын толық тексеріп талдау жасаңыздар.

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша сөз алған. Е.Е.Ахметов.:

Қазіргі таңда ауруханада ем алушыларға толық жағдай жасалдыма? және қажетті медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталдыма?

Қажетті құрал жабдықты алмас бұрын ауруханадағы медициналық құрал жабдықтарды толық тексеріп талдау жұмысын жасауды, жасалған талдауды келесі байқау кеңесінің жиналысына ұсынуын айтты.

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша сөз алған бас есепші Иса А.М.:

Қазіргі таңда ауруханамыздың ем алушыларына толықтай жағдай жасалып қажетті құрал жабдықтарымен жабдықталғанын айтып, ауруханамызды дамыту мақсатында қажетті медициналық құрал жабдықтар алу керек екендігін түсіндірді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы заңның 149-бабы 2-тармағы 3-тармақшасына сәйкес Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ қалалық онкологиялық орталығы бар көпбейінді аурухананың Жарғысына сәйкес, Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

2024 жылдың Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ Онкологиялық орталығы бар қалалық көп бейінді аурухананың жылдық аудиторлық есебі бекітілсін.

Дауыс беру қорытындылары:

Қолдау – 3 дауыс (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Қыдырбай М.Н.)

Қарсы – 0 дауыс

Қалыс қалды: - 0 дауыс

Шешім қабылданды: - 3 дауыспен

2. 2024 жылдың қорытындысы бойынша пайданың есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу

Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз алған Бас есепші - Иса А.М.:

Пайда есебінен «Азия Строй Проект» ЖШС-гінің жобалық сметалық құжаттамасы (ПСД) негізінде, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге 215 211 763,00 теңгеден 89 322 458,00 теңгеге қысқартылды

Пайда есебінен «Азия Строй Проект» ЖШС-гінің жобалық сметалық құжаттамасы (ПСД) негізінде, орталықтың аймағын абаттандыру жұмыстарын жүргізуге 21 571 763,00 теңгеден 14 964 157,00 теңгеге қысқартылғанын айтты.

Денсаулық сақтау басқарма басшысы орынбасарының және техникалық бөлімінің рұқсат қағазы бар екенін көрсетті.

Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз алған Е.Е.Ахметов.:

Аурухананың ағымдағы абаттандыру жөндеу жұмыстарын талап ететін орталық аймағының шаршы метрі қанша? Ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге алдыңғы сметалық құжаттама бойынша соммасы неге көп болды?

Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз алған З.Н.Нұртаева.:

Аурухананың аймағын абаттандыру кезінде көгалдандыру мақсатында субұрқақ жүргізіледіме?

Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз алған бас есепші Иса А.М.:

Ауруханамыздың ағымдағы жөндеу жұмысын жүргізудің соммасы азаюының себебі;Иіс тартатын желдету жүйесін жобалық сметалық құжаттан алып тастағанын сол себептен соммасы азайды.

Аурухананың ағымдағы абаттандыру жөндеу жұмыстарын талап ететін аумағы 200 шаршы метр.

Аурухананың аймағын абаттандыру кезінде көгалдандыру мақсатында субұрқақ қойылады.

Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз алған Е.Е.Ахметов.:

Ауруханаларда иіс тартатын желдетудің медициналық қауіпсіздік үшін өте маңызды рөл атқарады.Иіс тартатын желдету жүйесі ауруханада санитарлық жағдай жоғары сақталуы үшін керек.

Денсаулық сақтау басқармасының және техникалық бөлім рұқсатын берсе аурухананың дамуы үшін ағымдағы жөндеу жұмысына қарсы емес екендігін айтты.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы заңның 149-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ қалалық онкологиялық орталығы бар көпбейінді аурухананың Жарғысына сәйкес,Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

2024 жылдың қорытындысы бойынша пайда есебінен қалған ақшадан жасалатын күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге келісім берді.

Дауыс беру қорытындылары:

Қолдау – 3 дауыс (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Қыдырбай М.Н.)

Қарсы – 0 дауыс

Қалыс қалды: - 0 дауыс

Шешім қабылданды: - 3 дауыспен

Отырыстың жабылу уақыты: сағ.12:50 м.



Байқау кеңесінің төрағасы _____ Ахметов Е.Е.

Байқау кеңесінің мүшелері _____ Нуртаева З.Н.

_____ Қыдырбай М.Н.

_____ Мұхтаров Н.Б.

Байқау кеңесінің хатшысы _____ Бахыт Н.А.